

"Дін саласындағы қызмет" кәсіптік стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 жылғы 5 қазандағы № 391-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 6 қазанда № 33516 болып тіркелді.

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 5 -тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Дін саласындағы қызмет" кәсіптік стандарты бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;
 - 3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрі

А. Балаева

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігі

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрі
2023 жылғы 5 қазандағы
№ 391-НҚ Бұйрығымен
бекітілген

Кәсіптік стандарт: "Дін саласындағы қызмет"

Ескерту. Кәсіптік стандарт жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 13.04.2026 № 184-НҚ (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: Кәсіптік стандарттың қолданылу аясы: "Дін саласындағы қызмет" кәсіптік стандарты (бұдан әрі – кәсіптік стандарт) "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленді, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуға, білім беру ұйымдары қызметкерлері мен түлектерінің кәсіптік біліктілігін тануға және персоналды басқару саласындағы міндеттердің кең ауқымын шешуге бағытталған, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі саласында қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер (КЖ) лауазымдарының біліктілік анықтамалығы – Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы заңнамаға сәйкес қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеу үшін негіз болып табылады және еңбек қатынастарын реттеуге, ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан әртүрлі экономикалық қызмет түрлеріндегі ұйымдарда персоналды басқарудың тиімді жүйесін қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді шешу үшін қолданылады;

2) біліктілік – еңбек нарығына және одан әрі білім мен біліктілікті арттыруға, еңбек ету құқығын беретін игерілген білімнің, дағдылар мен құзыреттердің құндылығын тану ;

3) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

4) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

5) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы;

6) жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтамалығы (БТБА) – жұмыстарды тарифтеуге және жұмысшыларға тарифтік разрядтар беруге арналған анықтамалық;

7) информалды білім – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат берілмей жүргізілетін білім беру түрі;

8) кәсіп – жеке адам жүзеге асыратын және орындалуы үшін белгілі бір біліктілікті талап ететін қызмет түрі;

9) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;

10) кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган – Ұлттық біліктілік жүйесінің мәселелері бойынша консультациялық және әдіснамалық қызметті жүзеге асыратын Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша акционерлік қоғам нысанында құрылады;

11) кәсіптік стандарт – формалды және (немесе) формалды емес, және (немесе) информформалды білім беру ескеріле отырып, білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

12) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптауышы – Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын кәсіптердің атауларын көрсететін және оларды орындалатын жұмыстардың түріне сәйкес дағды деңгейі мен оған мамандану бойынша сыныптайтын стандарттау жөніндегі құжат;

13) құзырет – еңбек функциясын құрайтын бір немесе бірнеше кәсіптік міндетті орындауға мүмкіндік беретін дағдыны қолдану қабілеті;

14) машық – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;

15) салалық біліктілік шеңбері (СБШ) – Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптауышының, Ұлттық біліктілік шеңберінің негізінде әзірленетін және салада орындалатын жұмыстардың күрделілігіне және пайдаланылатын білімнің, машықтың және құзыреттің сипатына қарай деңгейлер бойынша маманның біліктілігіне қойылатын талаптарды сыныптайтын құжат;

16) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі;

17) экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) – экономикалық қызметтің барлық түрлерін жіктеу және кодтау тәртібін айқындайтын жіктеуіш.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

1) БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары – техникалық құралдардың көмегімен ақпаратты жария беру органдарының жиынтығы;

2) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

3) БА – басшылар лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

4) БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

5) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;

6) ҚР – Қазақстан Республикасы;

7) ҚМДБ – Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы;

8) АТТ – ақпараттық-түсіндіру тобы;

9) РАНТ – Республикалық ақпараттық-насихат тобы.

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: "Дін саласындағы қызмет".

5. Кәсіптік стандарттың коды: S009.

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

S Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну;

94 Қоғамдық бірлестіктер (ұйымдар) қызметі;

94. 9 Басқа қоғамдық бірлестіктердің қызметі;

94. 91 Діни ұйымдар қызметі;

94. 91.0 Діни ұйымдар қызметі.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Дін саласындағы қызмет қоғамдық және жеке өмірдің барлық салаларында кәсіптік қызметті жүзеге асыруды, әлеуметтік бейімдеу және оңалту топтарында әлеуметтік-практикалық жұмысты, экстремизмнің, терроризмнің және әртүрлі діни топтардың (ұйымдардың) өзге де деструктивті қызметін профилактикалауды және оған қарсы іс-қимылды қамтиды.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) теолог - 4 СБШ-нің деңгейі;

2) теолог - 6 СБШ-нің деңгейі;

3) имам - 3 СБШ-нің деңгейі;

4) исламтанушы - 6 СБШ-нің деңгейі;

5) исламтанушы - 7 СБШ-нің деңгейі;

6) дінтанушы - 8 СБШ-нің деңгейі;

7) исламтанушы - 4 СБШ-нің деңгейі;

8) исламтанушы - 8 СБШ-нің деңгейі;

9) дінтанушы - 7 СБШ-нің деңгейі;

10) дінтанушы - 6 СБШ-нің деңгейі.

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы "Теолог":			
Топтың коды:	2636-1		
Қызмет атауының коды:	2636-1-003		
Кәсіптің атауы:	Теолог		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
	Білім деңгейі:		

Кәсіптік білім деңгейі:	ТЖКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Теология	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	діни догматиканы, тарихты, дәстүрлер мен практикаларды олардың қоғам мен адамдарға әлеуметтік, мәдени және тарихи әсерін ескере отырып зерделеу		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі	Міндетті еңбек функциялары	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қоғаммен жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру. 2. Конфессиялық діни ілімдерді жүйелеу. 3. Сараптамалық-консультациялық функция. 4. Теологиялық дауларды шешу. 5. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сотталған адамдармен теологиялық оңалту жұмыстарын ұйымдастыру. 6. Қазіргі қоғамдағы ақиқат пен қате түсініктердің арақатынасын талдау мақсатында діннің философиялық аспектілерін зерттеу. 	
	Қосымша еңбек функциялары	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазіргі заманғы деректер базасымен жұмыс істеу, діни әдебиет және баспа БАҚ бойынша деректанулық зерттеулер жүргізу 	
		<p>Машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өңірдегі діни ахуалды зерделеу және талдау жүргізу. 2. Қазіргі заманғы ақпараттық әдістерді қолдана отырып, әртүрлі діни құбылыстарға теологиялық талдау жүргізу. 3. Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) ұйымдардың қызметіне мониторингті жүзеге асыру. 4. Қазақстан Республикасының Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзумен байланысты жеке және заңды тұлғалардың арыздарын қарау. 5. Ұйымдардың кітапхана қорларына түсетін діни әдебиеттерге және діни мазмұндағы басқа да ақпараттық материалдарға дінтану сараптамасын жүзеге асыру. 6. Діни мәтіндерді талдау. <p>Білімдер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әлеуметтанушылық және өзге де ғылыми тәсілдерді қолдануды қоса алғанда, өңірдегі діни ахуалды зерттеу әдістерін. 	
	Дағды 1 Қоғаммен байланысты жүргізуді іске асыру.		

<p>Еңбек функциясы 1 Қоғаммен жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру.</p>		<p>2. Электрондық дерекқорын, интернет-ресурстар мен талдамалық құралдарды пайдалана отырып, әртүрлі діни құбылыстарды теологиялық талдау үшін қолданылатын қазіргі заманғы ақпараттық әдістер мен технологияларды.</p> <p>3. Ел аумағындағы осы ұйымдардың қызметіне мониторингті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын.</p> <p>4. Жолданымдар бойынша талдамалық есеп пен ұсыным бере отырып, діни қызмет туралы заңнаманы бұзумен байланысты жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қарау рәсімдері мен тәсілдерін.</p> <p>5. Ұйымдардың кітапхана қорларына түсетін діни әдебиеттерді және діни мазмұндағы басқа да ақпараттық материалдарды талдау үшін дінтану сараптамасының қағидаттарын.</p> <p>6. Діни мәтіндер, оның ішінде негізгі догматикалық, тарихи және мәдени аспектілерді білу, мәтіндерді олардың мәнмәтін мен мағынасын ескере отырып талдау және интерпретациялауды білу.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
	<p>Дағды 2 Ұлттық және діни негіздегі қақтығыстардың туындауының, көрінуінің және шиеленісуінің алғышарттарын анықтау мақсатында этникалық және діни қатынастарға мониторинг ұйымдастыру және жүргізу</p>	<p>Машықтар</p> <p>1. Интернет-кеңістікке байланысты халықтың радикалдануға қарсы иммунитетін арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру іс-шараларының кешенін жүргізу.</p> <p>2. Интернет желісінде қарсы насихаттау жұмыстарына мониторинг жүргізу.</p> <p>3. Интернет-кеңістікте және әлеуметтік желілерде мониторинг пен талдау жүргізу шеңберінде өңірдегі діни ахуалды тұрақтандыру жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға жәрдемдесу.</p> <p>4. Ұлттық және діни негізде қақтығыстарды болдырмау жөнінде шаралар қабылдау.</p> <p>5. Экстремистік, радикалды және террористік идеологияны ажырата білу.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Жұртшылықпен жұмыс сапасын арттыруға арналған қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды.</p> <p>2. Қоғамдағы қақтығыстарды шешудің психологиялық тәсілдерін.</p> <p>3. Конфликтология және медиация негіздерін.</p> <p>4. Этносаралық өзара іс-қимыл әдебін білу.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
		<p>Машықтар</p> <p>1. Христиандықтың негізгі бағыттары (православие, католицизм, протестантизм) туралы ақпаратқа ие болу.</p>

Дағды 1
Христиан дінінің
негіздерін талқылау.

2. Қазақстанда христиандықтың: православиенің, католицизмнің, протестантизмнің таралу тарихын баяндау.
3. Методизмнің, Інжілдік сенім христиандарының, Жетінші күн адвентистерінің, Иегова куәгерлерінің, ақ бауырластық діни ілімдерінің ерекшеліктері мен қызметін сипаттау.
4. Бұл діндердің идеологиясы мен қағидаттарын, сондай-ақ олардың құлшылық ету мен діни мерекелерінің ерекшеліктерін түсіндіру.
5. Христиандыққа тән: дұға ету, қасиетті мәтіндерді оқу, құдайды ән айту арқылы мадақтау, құдаймен причастие мен тәубе ету арқылы қарым-қатынас жасау сияқты әртүрлі құлшылық ету нысандарын түсіндіру.
6. Христиан дінінің дамуындағы теологиялық кезеңдерді түсіндіру.
7. Христиандықтың рухани-адамгершілік құндылықтары, оның ілімдерінің негізгі қағидаттары туралы кең аудиторияны хабардар ету.

Білімдер:

1. Христиандықтың негізгі бағыттары: православиені, католицизмді және протестантизмді.
2. Қазақстанда христиандықтың: православиенің, католицизмнің, протестантизмнің таралу тарихын.
3. Методизмнің, Інжілдік сенім христиандарының, Жетінші күн адвентистерінің, Иегова куәгерлері мен ақ бауырластық діни ілімдерінің ерекшеліктері мен қызметін.
4. Бұл діндердің идеологиясы мен қағидаттарын, сондай-ақ олардың құлшылық ету мен діни мерекелерінің ерекшеліктерін.
5. Христиандыққа тән: дұға ету, қасиетті мәтіндерді оқу, құдайды ән айту арқылы мадақтау, құдаймен причастие мен тәубе ету арқылы қарым-қатынас жасаудың әртүрлі құлшылық ету нысандарын.
6. Христиан дінінің дамуындағы теологиялық кезеңдерді.
7. Христиандықтың рухани-адамгершілік құндылықтары, оның ілімдерінің негізгі қағидаттары туралы білу.

Дағдыны тану мүмкіндігі

Ұсынылмайды

Машықтар

1. Ислам дінінің негізгі қағидаттарын, діни ілім мен тарихын зерделеу.
2. Ислам дінінің негіздері: діни сенім, салт жоралар, практикалар мен дәстүрлер туралы ақпаратты жүйелеу және жинақтап қорыту
3. Діни ілім негіздерін түсіну және түсіндіру үшін исламның қасиетті мәтіндерін: Құран және хадистерді талдау және интерпретациялау.

	<p>Дағды 2 Ислам дінінің негіздерін жинақтап қорыту.</p>	<p>4. Исламдағы әртүрлі мектептер мен ағымдар, олардың тарихы, негізгі қағидаттары мен ерекшеліктері туралы ақпаратқа ие болу.</p> <p>5. Исламның негізгі доктриналық және әдептік қағидаттарын: монотеизм, әділеттілік, мейірімділік түсіндіру.</p> <p>6. Әлеуметтік-мәдени мәнмәтін мен ислам дінінің қоғамға және жеке адамдарға әсерін, оның ішінде адамгершілік құндылықтар мен әлеуметтік қатынастарды қалыптастырудағы рөлін түсіну.</p> <p>7. Ислам дінінің негіздері туралы білімді талқылау және тарату үшін әртүрлі аудиториялармен, оның ішінде ислам жамағаты мен жұртшылық өкілдерімен қарым-қатынас жасау.</p> <p>Білімдер</p> <p>1. Ислам дінінің діни ілім мен тарихының негізгі қағидаттарын.</p> <p>2. Ислам дінінің негіздері: діни сенім, салт жоралар, практикалар мен дәстүрлер туралы ақпаратты.</p> <p>3. Діни ілім негіздерін түсіндіру үшін исламның қасиетті мәтіндерін: Құран және хадистерді интерпретациялауды.</p> <p>4. Исламдағы әртүрлі мектептер мен ағымдар, олардың тарихы, негізгі қағидаттары мен ерекшеліктері туралы ақпаратты.</p> <p>5. Исламның негізгі доктриналық және әдептік қағидаттарын: монотеизм, әділеттілік, мейірімділік туралы.</p> <p>6. Әлеуметтік-мәдени мәнмәтін мен ислам дінінің қоғамға және жеке адамдарға әсерін, оның ішінде адамгершілік құндылықтар мен әлеуметтік қатынастарды қалыптастырудағы рөлін.</p> <p>7. Ислам дінінің негіздері туралы білімді талқылау және тарату үшін әртүрлі аудиториялармен, оның ішінде ислам жамағаты мен жұртшылық өкілдерімен қарым-қатынас жасай білу.</p>
<p>Еңбек функциясы 2 Конфессиялық діни ілімдерді жүйеле.</p>	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі</p>	<p>Ұсынылмайды</p> <p>Машықтар</p> <p>1. Иудаизмнің негізгі қағидаттарын, діни ілім мен тарихын зерделеу.</p> <p>2. Иудаизмнің қасиетті Тәурат мен Талмуд мәтіндерін талдау және интерпретациялау.</p> <p>3. Бір құдайға сену, халықтың таңдалуы және Тәурат заңдары сияқты иудаизмнің негізгі доктриналар туралы ақпаратқа ие болу.</p> <p>4. Иудаизм ағымдарын, олардың тарихын, негізгі ілімдері мен ерекшеліктерін ажырату.</p> <p>5. Сенбі, Пасха, Рош ха-Шана және Йом Киппурды қоса алғанда, иудаизмнің діни жораларын, мерекелері мен дәстүрлерін түсіндіру.</p>

<p>Дағды 3 Иудаизмнің негіздерін қарау.</p>	<p>6. Иудаизмнің еврей мәдениетін, әдебін, адамгершілігі мен әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыру мен дамытуға әсерін қарау.</p> <p>7. Иудаизмнің негіздері туралы білімді талқылау және тарату үшін әртүрлі аудиториялармен, оның ішінде еврей қауымы мен жұртшылық өкілдерімен қарым-қатынас жасау.</p> <p>Білімдер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иудаизмнің негізгі қағидаттарын, діни ілім мен тарихын. 2. Иудаизмнің қасиетті Тәурат мен Талмуд мәтіндерін. 3. Бір құдайға сену, халықтың таңдалуы және Тәурат заңдарын. 4. Иудаизмнің әртүрлі бағыттар мен тарихын. 5. Сенбі, Пасха, Рош ха-Шана және Йом Киппурды қоса алғанда, иудаизмнің діни жораларын, мерекелері мен дәстүрлерін. 6. Иудаизмнің еврей мәдениетін, әдебін, адамгершілігі мен әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыру мен дамытуға әсері туралы түсініктерді. 7. Иудаизмнің негіздері туралы білімді талқылау және тарату үшін әртүрлі аудиториялармен, оның ішінде еврей қауымы мен жұртшылық өкілдерімен қарым-қатынас жасай білу.
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
<p>Дағды 4</p>	<p>Машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Буддизм мен индуизмнің негізгі қағидаттарын, діни ілімін және тарихын зерделеу. 2. Буддизм мен индуизмнің қасиетті мәтіндері мен жазбаларын: Сутра мен Веданы талдау және түсіндіру. 3. Реинкарнациялау, карма, азаттық және рухани даму ұғымдарын қоса алғанда, буддизм мен индуизмнің түйінді доктриналары және философиялары туралы ақпаратты меңгеру. 4. Буддизм мен индуизмнің әртүрлі мектептері мен ағымдарының, тарихының, негізгі ілімдері мен практикаларының аражігін ажырату. 5. Медитацияны, пуджаны және дивалиді қоса алғанда, буддизм мен индуизмнің діни жораларын, рәсімдері мен мерекелерін түсіндіру. 6. Буддизм мен индуизмнің олар таралған жерлердегі қоғамдардың мәдениетіне, әдебіне, адамгершілігіне және әлеуметтік құндылықтарына ықпалын қарау. 7. Буддизм мен индуизмнің негіздері туралы білімді талқылау және тарату үшін буддистік және индуистік қауымдастықтардың өкілдерін, сондай-ақ қалың жұртшылықты қоса алғанда, әртүрлі аудиториялармен байланыс орнату.

<p>Буддизм мен индуизмнің негіздерін айқындау.</p>	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Буддизм мен индуизмнің негізгі қағидаттарын, діни ілімін және тарихын білу. 2. Буддизм мен индуизмнің қасиетті мәтіндері мен жазбаларын: Сутра мен Веданы түсіндіру. 3. Реинкарнациялау, карма, азаттық және рухани даму ұғымдарын қоса алғанда, буддизм мен индуизмнің түйінді доктриналарын және философияларын білу. 4. Буддизм мен индуизмнің әртүрлі мектептері мен ағымдарын, тарихын, негізгі ілімдері мен практикаларын білу. 5. Медитацияны, пуджаны және дивалиді қоса алғанда, буддизм мен индуизмнің діни жораларын, рәсімдері мен мерекелерін білу. 6. Буддизм мен индуизмнің олар таралған жерлердегі қоғамдардың мәдениетіне, әдебіне, адамгершілігіне және әлеуметтік құндылықтарына ықпалын білу. 7. Буддизм мен индуизмнің негіздері туралы білімді талқылау және тарату үшін буддистік және индуистік қауымдастықтардың өкілдерін, сондай-ақ қалың жұртшылықты қоса алғанда, әртүрлі аудиториялармен байланыс орнату. <p>Дағдыны тану мүмкіндігі</p> <p>Ұсынылмайды</p>
<p>Дағды 1 Діни мәтіндерді түсіндіру</p>	<p>Машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтіндермен жұмыс кезінде тілдің, грамматиканың, лексиканың және сөйлемдер құрылымының ерекшеліктерін пайдалану. 2. Діни мәтіндердің қазіргі әлемге ықпалы туралы ұғымды кеңейту үшін оларды қазіргі проблемаларға және қиындықтарға қолдану. 3. Діни ілімдерді едәуір терең түсіну үшін қасиетті мәтіндердің мазмұны мен құрылымын ашу. 4. Діни сеніміне байланысты күрделі философиялық және әдептілік сұрақтарына жауаптарды қалыптастыру. 5. Тиісті діни ілімдер мен сенімдерге негізделген діни және қоғамдық мәселелер бойынша кеңестер мен бағыт беру. <p>Білімдер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтіннің тілі мен стилін; 2. Діни мәтін жазылған тарихи мән-жайларды. 3. Жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің мәні мен мағынасын түсіну үшін филологиялық талдау жасау. 4. Түсіндірудің экзегетикалық әдісі тарихи және әдеби түпмәтінін талдау арқылы діни мәтіндердің мәні мен мағынасын едәуір терең түсінуге мүмкіндік беретінін.

Еңбек функциясы 3 Сараптамалық-консультациялық функция		5. Қазіргі заманғы түпмәтін шеңберінде діни мәтіндердің мәнін және олардың қазіргі қоғамға ықпалын түсінуге мүмкіндік беретін түпмәтін әдісін білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі	Ұсынылмайды
	Дағды 2 Сараптама және кеңес өткізу.	<p>Машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Халықаралық және өңірлік деңгейде діни процестерді түсіну. 2. Діни қызмет саласында жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік көмек көрсету. 3. Діни мәтіндерге, әдебиеттерге, аудио- және бейнематериалдарға сараптама жүргізу. 4. Ұйымдардың кітапхана қорларына келіп түскен діни әдебиеттерге, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарға дінтану сараптамасын жүргізу. 5. Діни ілім тұжырымдамасын және оларды нақты өмірде қолданылуын түсіндіру. 6. Діни ілім мәселелері бойынша консультация беру. 7. Кәсіптік қызмет мәселелері жөніндегі сараптамалық комиссиялардың құрамында қатысу. 8. Кәсіптік қызмет мәселелері жөніндегі консультативтік топтардың құрамында қатысу. 9. Деструктивті ағымдардың, экстремистік, террористік ұйымдардың идеологиясын тану. 10. Теология мәселелері бойынша жеке консультациялар мен сараптамаларды жүзеге асыру. <p>Білімдер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Діни ілімнің негізгі типтерін. 2. "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңын; 3. Белгілі бір діндердің негізгі догмаларын, идеяларын, көзқарастары мен практикаларын. 4. Діни оқудың (пәтуаның) қазіргі заманғы құқықтық қорытындыларын. 5. Діни практикамен, күнделікті өмірмен және мұсылман адамдар арасындағы қатынастарға байланысты ислам құқығын. 6. Қасиетті мәтіндердің теориялық қағидаттарын. 7. Діни жораларды өткізу және ғибадат ету шарттары мен қидаларын. 8. Діни идеологияларды, тұжырымдамаларды білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі	Ұсынылмайды
	<p>Машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Діни іліммен байланысты даулы мәселелерді талдау, теологиялық қағидаттарға сәйкес шешімдер табу. 2. Діни мәтіндердің мазмұны мен құрылымын түсіну. 3. Тараптарға діни ілім негізінде әділ шешімге қол жеткізуге көмектесу. 	

<p>Еңбек функциясы 4 Теологиялық дауларды шешу</p>	<p>Дағды 1 Ақиқатқа қатысты пікірталас мәселелерін талдау және шешу.</p>	<p>4. Тараптар арасындағы жанжалдарды реттеу үшін теологиялық қағидаттарды пайдалану. 5. Діни ілімге тән әділеттілік пен мейірімділік қағидаттары негізінде жанжалдарды шешуге жәрдемдесу. 6. Иудаизм, христиандық, ислам, буддизм, индуизм және жаңа діни ағымдарды қоса алғанда, конфессиялық діни сенімдердің ерекшеліктерін тану .</p> <p>Білімдер</p> <p>1. Теологиялық қағидаттарға сәйкес діни іліммен және шешім табуға байланысты даулы мәселелерді талдау. 2. Діни мәтіндердің мазмұны мен құрылымын білу. 3. Діни сенім негізінде әділ шешімге қол жеткізу үшін тараптарға көмек көрсету. 4. Тараптар арасындағы жанжалдарды реттеудің теологиялық қағидаттарын білу. 5. Діни ілімге тән әділеттілік пен мейірімділік қағидаттары негізінде жанжалдарды шешуге жәрдемдесу. 6. Иудаизм, христиандық, ислам, буддизм, индуизм және жаңа діни ағымдарды қоса алғанда, конфессиялық діни сенімдердің ерекшеліктері.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
<p>Еңбек функциясы 5 Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде</p>	<p>Дағды 1 Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде теологиялық оңалту жұмыстарын ұйымдастыруды үйлестіру.</p>	<p>Машықтар</p> <p>1.Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде теологиялық оңалту және радикалды көзқарастан арылту іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу. 2. Сотталғандардың діни экстремизмге және терроризмге қатысты теріс көзқарасын қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысының әдістемелерін әзірлеу және енгізу. 3. Жеке және топтық жұмысты қамтитын сотталғандарды әлеуметтік-психологиялық және діни оңалту жөніндегі шаралар кешенін қолдану. 4. Құқықтық мәдениетті арттыруға және қылмыстардың қайталануының алдын алуға бағытталған әлеуметтік-құқықтық тақырыптар бойынша сабақтар өткізуді қамтамасыз ету.</p> <p>Білімдер</p> <p>1. Діни экстремизм мен терроризм идеологиясының, сондай-ақ деструктивті діни ағымдардың жетегінде кетуге әкелуі мүмкін факторлар мен себептерді. 2. Сотталған адамдарға, оның ішінде діни аспектілерді ескере отырып, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету бағдарламасын әзірлеу қағидаттарын. 3. Ресми діни ағымдар мен олардың деструктивті тармақтары арасындағы айырмашылықтарды. 4. Радикалды көзқарастан арылтуға, оның ішінде сотталғандар қатарындағыларды радикалды көзқарастан арылтуға және олардың діни</p>

<p>сотталған адамдармен теологиялық оңалту жұмыстарын ұйымдастыру.</p>		<p>идеологиямен / көзқарастармен байланысты қылмыстарды қайталауын болдырмауға бағытталған теологиялық, психологиялық және әлеуметтік-бейімдеу іс-шаралары кешенін білу.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
	<p>Дағды 2 Ұлттық әдет-ғұрыптар мен діни дәстүрлер арасындағы байланысты талдау.</p>	<p>Машықтар 1. Қазақстанда бар діни ағымдардың тарихы мен ерекшеліктерін және олардың ұлттық дәстүрлермен байланысын зерделеу. 2. Ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің діни құндылықтармен және ілімдермен өзара байланысын талдау және түсіндіру. 3. Әртүрлі діни ағымдарды түсіну және құрметтеу мақсатында әртүрлі дін өкілдерімен диалог құру және пікірталас жүргізу. 4. Діни наным мен тарих тұрғыдан қазақ халқының мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеу және түсіну.</p> <p>Білімдер: 1. Қазақстанда бар әртүрлі діни ағымдар мен конфессияларды және олардың ерекшеліктерін. 2. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетіндегі діннің рөлін. 3. Дәстүрлі діни сенімдер мен ұлттық дәстүрлерді бұрмалайтын экстремистік/ радикалды ағымдар арасындағы айырмашылықтарды білу.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
	<p>Дағды 1 Мәдениетаралық қарым-қатынас нормаларына сәйкес әртүрлі сенімдері бар адамдарға диалог пен құрметпен қарау.</p>	<p>Машықтар 1. Діни дәстүрлерді және олардың қоғамға ықпалын ескере отырып, моральдық-әдеп проблемаларын талдау. 2. Діннің әртүрлі мәдениеттер мен қоғамдардағы моральдық-әдеп нормаларына ықпалын бағалау. 3. Өзінің ойы мен сенімін айқын және анық білдіру машығын қоса алғанда, көпшілік алдында сөз сөйлеудің тиімді дағдыларын көрсету. 4. Тағаттылықты таныту және адамдардың діни нанымдары мен құқықтарын құрметтеу, сондай-ақ әртүрлі діни дәстүрлер өкілдерімен ымыраға келу және сындарлы диалог құру.</p> <p>Білімдер: 1. Діни әдепті дамытудың мәні мен негізгі үрдістерін. 2. Тағаттылық пен белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларын. 3. Көпшілік алдында сөз сөйлеудің жалпы қағидаларын; 4. Адамдардың психологиясы мен ділін білу.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі</p>	<p>Ұсынылмайды</p>

<p>Еңбек функциясы 6 Қазіргі қоғамдағы ақиқат пен қате түсініктердің арақатынасын талдау мақсатында діннің философиялық аспектілерін зерттеу.</p>	<p>Дағды 2 Дүниетанымдық ұстанымдарды қалыптастыру және сыни ойлауды дамыту үшін философиялық білімді қолдану.</p>	<p>Машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Діни философиялық ой тарихының негізгі кезеңдерін, діни философияны зерделеумен байланысты іргелі теориялық проблемаларды түсіну. 2. Діни философияның конфессиялық доктринамен өзара байланыс проблемаларын және әртүрлі діни дәстүрлер арасындағы дүниетанымдық көзқарастардағы айырмашылықтарды түсіну. 3. Діни конфессиялар, сондай-ақ діни философия, әлеуметтану және психология туралы жалпы түсініктің болуы. 4. Негізгі діни-философиялық проблемалардың мазмұнын ашу. 5. Сыни ойлауды дамыту, білім мен көзқарастың әртүрлілігін тану, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау және адасудан ақиқатты ажырату. <p>Білімдер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Діни-философиялық ой тарихындағы негізгі кезеңдерді және діни философияны зерделеуге байланысты негізгі теориялық проблемаларды. 2. Діни-философиялық ой мен конфессиялық доктринаның өзара іс-қимылына қатысты мәселелерді білу. 3. Негізгі діни конфессиялар мен түсініктерінің даму тарихы, діни философия, діни әлеуметтану, діни психология туралы жалпы түсініктің болуы. 4. Діни-философиялық ойдың негізгі проблемалық аспектілерін және олардың мазмұнын. 5. Сыни ойлауды дамыту және білім нысандарының әртүрлілігін, сондай-ақ қазіргі қоғамдағы ақиқат пен адасудың арақатынасын талдау үшін философиялық білімнің болуы.
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
<p>Қосымша еңбек функциясы 1 Қазіргі заманғы деректер базасымен жұмыс істеу, діни әдебиет және баспа БАҚ бойынша деректанулық зерттеулер жүргізу</p>	<p>Дағды 1 Ұйымдастырушылық-өкімдік, ақпараттық-анықтамалық құжаттармен жұмыс.</p>	<p>Машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану. 2. Баспа БАҚ-та дінге қатысты көзқарас үрдістерін зерттеу. 3. Діни қоғамдастықтардың өздерінің сенімдері мен нанымдарын тарату үшін баспа БАҚ-ты пайдалануын талдау. 4. Бұқаралық ақпарат құралдарында медиа білім беруді және дін туралы түсінікті зерттеу. 5. Дін лидерлері мен ұйымдардың сенімдері мен практикаларына байланысты олардың баспа БАҚ-тарындағы және интернеттегі ашық пікірталастары қызметін талдау. <p>Білімдер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін

		2. Қоғамдық пікірді, діни қоғамдастықтар мен лидерлер туралы статистикалық деректерді талдау. 3. Тағайындауларды, құрамдас бөліктерді, құжаттарды ресімдеу қағидаларын. 4. Ақпараттық-анықтамалық құжаттарды білу.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	жүйелі теологиялық тәсіл негізінде дүниетанымдық және құндылық саласындағы проблемалық жағдайларды сыни тұрғыдан талдауды жүзеге асыруға, іс-қимыл стратегиясын тұжырымдауға қабілеті		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
		Теолог	
10. Кәсіптің карточкасы "Теолог":			
Топтың коды:	2636-1		
Қызмет атауының коды:	2636-1-003		
Кәсіптің атауы:	Теолог		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	(Мамандық: Гуманитарлық ғылымдар	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	теология саласында терең конфессиялық білімді меңгерген, мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласындағы мәселелерді шешуде теологиялық білімін пайдалана алатын, әлеуметтік-коммуникативтік дағдылары мен зерттеушілік қызметін табысты іске асыра алатын білікті теологтарды даярлау.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
	Міндетті еңбек функциялары:	1. Әлеуметтік және рухани-ағартушылық мәселелерін тұрақтандыру. 2. Ұйымдастыру мен басқарушылықты қамтамасыз ету.	

Еңбек функцияларының тізбесі:		3. Мәдениетаралық және конфессияаралық коммуникация орнату.
Еңбек функциясы 1 Әлеуметтік және рухани-ағартушылық мәселелерін тұрақтандыру	<p>Қосымша еңбек функциялары</p> <p>Дағды 1 Қоғам, дін және мемлекет арақатынасындағы үрдістерді талдау (АТТ, РАНТ жұмыстарын жүргізу).</p> <p>Дағдыны тану мүмкіндігі</p> <p>Дағды 2 Дін саласында туындайтын проблемаларды анықтау және мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктер үшін ұсынымдар әзірлеу.</p>	<p>Машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Діннің қоғамдағы рөлін, оның әлеуметтік және мәдени ықпалын талдау. 2. Қоғамда діни сауаттылықты арттыру, діни сенім мен зайырлы қағидалар арасындағы үйлесімділікке үлес қосу. 3. Діни конфессиялар арасында келісім мен толеранттылықты насихаттау. 4. Халық арасындағы діни экстремизм мен радикализмге қарсы профилактикалық жұмыстар жүргізу. <p>Білімдер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Діни және теологиялық мәтіндерді оқу, түсіну, түсіндіру және қолдану саласында негізгі кәсіби білімі. 2. Мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласындағы мәселелерді шешуде теологиялық білімі. 3. Діндер тарихы, мәдениеті мен өнері салаларындағы білімді меңгеріп, қоғамдық нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды кәсіби қызметінде пайдаланады. 4. Дін ғылымдарының әдіснамасын терең меңгеріп, мәдениетаралық, этносаралық, конфессияаралық қатынастардағы толеранттылық және зайырлылық ұстанымдарды сақтау тетіктерін қалыптастыра алу. <p>Ұсынылмайды</p> <p>Машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды тарта отырып, поликонфессиялық зерттеулердің міндеттерін шешуде ғылыми әдістерді (далалық зерттеулердің семиотикалық, нарративтік әдістер) қолдану, соның негізінде халық арасында жұмыста практикалық пайдалану жөнінде ұсыныстар дайындау. 2. Теология саласындағы материалдарды, құжаттаманы, ақпаратты талдау негізінде консультациялар жүргізу және қорытындылар жасау. 3. Әлемдік және негізгі діндердің діни-теологиялық жүйелерінің мәні мен ерекшелігін көрсету. 4. Қазақстандағы діни қозғалыстардың тарихын зерттеу. 5. Мәдениет жүйесіндегі діннің орны және оның адам мен қоғам өміріндегі қызметі. <p>Білімдер</p>

		<p>1. Теология пәні мен әдіснамасы, теологиялық ғылымдар жүйесіндегі орны, дін тарихы және осы саланың дамуы туралы.</p> <p>2. Әлемдік, дәстүрлі және дәстүрлі емес діндердің қазіргі заманғы үрдістер мен даму перспективаларын.</p> <p>3. Негізгі теологиялық ғылымдардың пәні, қағидаттары, әдістері, қалыптасу кезеңдері, өзара байланысы туралы жалпы түсініктерді білу.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2 Ұйымдастыру мен басқарушылықты қамтамасыз ету		<p>Машықтар</p> <p>1. Әртүрлі діни топтар арасындағы байланыс орнату.</p> <p>2. Ұлтаралық және дінаралық келісімге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.</p> <p>3. Халықаралық діни-мәдени жобаларға қатысу, іс-шаралар жүргізу.</p>
	Дағды 1 Діни дәстүрлер мен теологиялық мәселелерге талдау жасау.	<p>Білімдер</p> <p>1. Діндер тарихындағы теологиялық мектептер мен қазіргі діни ағымдардың байланыстарын және ерекшеліктерін анықтап, Қазақстандағы дінаралық қақтығыстар, діни экстремизм және радикализмнің алдын-алу шараларын ұйымдастыра алу.</p> <p>2. Қазақ халқының дәстүрлі діни танымы мен діни психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, қоғамдағы діни және теологиялық мәселелерді шешуде ұсыныстар дайындайды.</p> <p>3. Теологиялық жүйелер мен тұжырымдамаларды зерттеуде теологияның негіздерін, әдістерін, категориялары мен қағидаттарын пайдаланады</p> <p>4. Қазақстан Республикасының дін саласындағы заңнамалар мен нормативтік актілер, мемлекеттік бағдарламаларды білу.</p> <p>5. Қылмыстық-түзеу жүйесі мекемелерінде сотталғандарды теологиялық оңалту әдіснамасын білу.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі	Ұсынылмайды
	Дағды 2 Дінаралық (конфессияаралық) келісімді қамтамасыз етуге бағытталған қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру.	<p>Машықтар</p> <p>1. Қоғамдағы мәдениетаралық және конфессияаралық әртүрлілікті зерттеу және қабылдау, жаһандық және жергілікті жағдайларға бейімделе алу.</p> <p>Білімдер</p> <p>1. Рухани-адамгершілік білім беру саласындағы кәсіптік міндеттерді шешудегі мәдениетаралық және конфессияаралық диалог әдістемелерін.</p> <p>2. Конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді.</p> <p>3. Мәдениетаралық диалог тұрғысынан объективті түсіндіру және сыни бағалау әдістерін білу.</p>

	Дағдыны тану мүмкіндігі	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 3 Мәдениетаралық және конфессияаралық коммуникация орнату	Дағды 1 Қоғамдық диалог орнату, рухани тәрбиені насихаттап, экстремизмнің алдын алу	Машықтар 1. Әртүрлі діни топтар арасындағы байланыс орнату. 2. Ұлтаралық және дінаралық келісімге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру. 3. Халықаралық діни-мәдени жобаларға қатысу, іс-шаралар жүргізу. Білімдер 1. Конфессияаралық және басқа да әлеуметтік қатынастардың өзара әрекетін анықтап, діни тәжірибеге теологиялық талдау әдістерін қолданады. 2. Қазақстан Республикасының дін саласындағы заңнамалар мен нормативтік актілер, мемлекеттік бағдарламаларды білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі	Ұсынылмайды
	Дағды 2 Діни экстремизм және терроризм мәселелері жөніндегі түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	Машықтар 1. Дін саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру. 2. Діни практикада теологиялық талдау әдістерін қолдану. Білімдер 1. Конфессияаралық және қоғамдық қатынастардың негізгі аспектілерін. 2. Дін саласындағы ұйымдастырушылық, басқарушылық, зерттеушілік, сараптамалық-консультациялық және мәдени-ағартушылық қызметтің ерекшеліктерін білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	аналитикалық ойлау; бастамашылық; жауапкершілік; жоспарлау; зейінділік; кәсіптік деңгейді жоғарылатуға ұмтылу; нәтижеге бағдарлану; орындаушылық; сыни талдау; талдамалық ойлау; тәртіптілік; ұйымшылдық; шешім қабылдау.	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	-	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	6	Теолог
11. Кәсіптің карточкасы "Имам":		
Топтың коды:	2636-2	
Қызмет атауының коды:	2636-2-005	
Кәсіптің атауы:	Имам	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3	
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары		

бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Исламтану	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	ханафи діни құқық мектебінің талаптарына сәйкес жораларды ұйымдастыру және өткізу		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қатынастарды ұйымдастырудың әртүрлі мәселелері бойынша өзара қарым-қатынастарды реттеу. 2. Сунниттік құқық мектебінің талаптарына сәйкес жораларды ұйымдастыру және өткізу. 3. Діни мұсылман ұйымдарында әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу. 4. Исламның рухани құндылықтарының таралуы. 5. Мұсылмандарды намаз оқуға шақыру үшін Азан шақыру. 	
	Қосымша еңбек функциялары		
Еңбек функциясы 1 Қатынастарды ұйымдастырудың әртүрлі мәселелері бойынша өзара қарым-қатынастарды реттеу.	Дағды 1 Әртүрлі әлеуметтік топтардағы адамдармен коммуникативті байланыс орнату.	<p>Машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Келушілердің тыныс-тіршілігіндегі дінге қатысты проблемаларды шешу. 2. Құран аяттарын діндарлармен қарым-қатынаста қолдану. 3. Өз сөздерімен тұжырымдарды дәлелдеу. 4. Мұхаммед Пайғамбар мен оның сақабаларының насихат әңгімелерінен мысалдар келтіру. 5. Діни қызметтің сапасын, мешіт жұмысын үйлестіруді және халықпен қарым-қатынасты нығайтуды қамтамасыз ету. 6. Қауымды ислам нормаларын бұзудан сақтандыру. 	
		<p>Білімдер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Исламдағы шешендік өнер дәстүрлерін. 2. Имамның аудиторияға психологиялық ықпал ету құралдары мен тәсілдерін. 3. Исламның негізгі доктриналары мен ілімдерін білу. 	
	Дағдыны тану мүмкіндігі	Ұсынылмайды	
		<p>Машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Діни талаптар мен дәстүрлерге сәйкес мешітте күнделікті намазды ұйымдастыру және өткізу. 	

	<p>Дағды 1 Жамағат намазын өткізу.</p>	<p>2. Діндарлардың алдында тұрған өзекті проблемалар мен сын-қатерлерге назар аудара отырып, жұма намазын оқу және рухани уағыздар айту.</p> <p>3. Мерекелік көңіл-күй сыйлай отырып және оның діни мағынасы мен мәнін атап айта отырып, дұға жасауды ұйымдастыру және өткізу.</p> <p>4. Күн мен айдың тұтылуы кезінде олардың мәні мен діни практикамен байланысын түсіндіре отырып, дұға жасау.</p> <p>5. Рамадан айы кезеңінде оның ерекшеліктері мен діни өмірдегі мәніне назар аудара отырып, мешітте ат-таравих намазын ұйымдастыру және өткізу.</p> <p>Білімдер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Намаздың түрлерін (парыз, ваджиб, сүннет, нәпіл). 2. Намаздың негіздерін және олардың маңыздылығын. 3. Намаздың міндетті элементтерін және олардың тәртібін. 4. Намаздың сүннеттерін. 5. Намазды бұзатын жағдайларды. 6. Намаз кезінде қажетсіз әрекеттерді. 7. Исламның ақиқаттарын үйретуге және діндарлардың бойында руханиятты дамытуға бағытталған жұма уағызының мәнін білу.
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
<p>Еңбек функциясы 2 Сунниттік құқық мектебінің талаптарына сәйкес жораларды ұйымдастыру және өткізу</p>	<p>Дағды 2 Мұсылманды жерлеуді ұйымдастыру және өткізу</p>	<p>Машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ислам мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына сәйкес көңіл айту дәстүрлері мен қағидаларын сақтау. 2. Ислам жоралары мен ұсынымдарына сәйкес жаназа намазын өткізуге құзыретті. 3. Ислам дәстүрлері мен қағидаларына сәйкес жерлеуді ұйымдастыру және өткізу. 4. Ислам мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына сәйкес діндарларды зиратта зиярат етудің тиісті әдеби туралы хабардар ету. <p>Білімдер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Негізгі кезеңдерді, исламдағы дәстүрлер мен рәсімдерді қоса алғанда, жерлеу жораларын. 2. Жаназа намазының ерекшеліктері мен қағидаларын. 3. Жоралар практикасының өңірлік ерекшеліктерін білу.
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
		<p>Машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Исламда некенің маңыздылығын, оның ішінде айттыру, неке қию, үйлену тойы салтанаты рәсімін, ерлі-зайыптылардың құқықтарын түсіндіру. 2. Ерлі-зайыптыларға келіспеушіліктерді шешуге және некені бұзу рәсімінде көмектесу.

	<p>Дағды 3 Діни нормалар мен қағидаларға сәйкес неке кию рәсімін өткізу</p>	<p>3. Ислам нормаларына сәйкес неке кию жорасын өткізу.</p> <p>Білімдер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Неке кию процесін ұйымдастыру, жас жұбайларды той салтанатына дайындау 2. Құтпа оқуды және мәһрды (күйеу жігіттің қалыңдыққа беретін ақша сомасы немесе сыйлығы) қоса алғанда, барлық ислам қағидалары мен дәстүрлерін сақтай отырып, неке кию рәсімін өткізу. 3. Неке келісім-шартын жасасу және оның шарифат талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету. 4. Исламдағы некенің маңыздылығын және оның қоғам мен мәдениеттегі орнын түсіндіру. 5. Шарифат талаптарына сәйкес ерлі-зайыптылардың бір-біріне қатысты құқықтары мен міндеттерін, әр жұбайдың міндеттемелерін түсіндіру. 6. Балаларды тәрбиелеу мен оларға білім беруді қоса алғанда, ислам қағидаларын және ата-анаға қойылатын міндеттердің талаптарын түсіндіру. 7. Ислам қағидаттарына сәйкес ерлі-зайыптыларға жанжалдар мен келіспеушіліктерді шешуге көмектесу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі	Ұсынылмайды
<p>Еңбек функциясы 3 Діни мұсылман ұйымдарында әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу</p>	<p>Дағды 1 Исламдағы қасиетті айларға, күндер мен түндерге арналған жораларды ұйымдастыру және өткізу.</p>	<p>Машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қадір түнінің маңыздылығы туралы түсіндіру. 2. Исра (саяхат) және Миғраж (көтерілу) оқиғалары туралы хабардар ету. 3. Исламдағы қасиетті айларға, күндер мен түндерге арналған жораларды өткізу. 4. Мәуліт ән–Нәбиді мерекелеу, Мәуліт оқу. <p>Білімдер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мереке түнінде және күнінде жасалуы тиіс жоралғылар. 2. Исламдағы мереке күндерін және осы күні оқылатын намаздарды білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі	Ұсынылмайды
<p>Еңбек функциясы 4 Исламның рухани құндылықтарының таралуы.</p>	<p>Дағды 1 Сунниттік діни оқу мектебіне сәйкес келетін олардың түсіндірулеріне сәйкес Исламның рухани құндылықтары мен діни сенімдерін тарату.</p>	<p>Машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Исламның рухани құндылықтарын тарату үшін діни білімді оқытудың тиімді әдістерін қолдану. 2. Исламның негіздерін және олардың мағыналарын түсіндіру. 3. Мұсылманның күнделікті өмірінде ислам ғылымдарының негізгі ережелерін қолдану. 4. Суннит догматикасының ережелерін түсіндіру 5. Оқу нормаларын сақтай отырып, Құранды жатқа оқу. 6. Ислам діни сенімі мен фикһы мәселелеріндегі келіспеушіліктің өзекті проблемаларын шешу. <p>Білімдер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ислам негіздерінің негізгі ережелерін білу.

		<p>2. Құранның "Амма" (30-ыншы бөлігін) жатқа айту;</p> <p>3. "Ясин" және "Мүлік" сүрелерін білу.</p> <p>4. Ислам мәселелеріндегі әртүрлі көзқарастарды түсіну және негізделген шешімдер қабылдау үшін аяттар мен хадистерді жатқа айту.</p> <p>5. Араб тілінің грамматикасын білу.</p>	
	Дағдыны тану мүмкіндігі	Ұсынылмайды	
Еңбек функциясы 5 Мұсылмандарды намаз оқуға шақыру үшін Азан шақыру.	Дағды 1 Намаз оқуға шақыру.	<p>Машықтар</p> <p>1. Ерекше әуезді нысанда Азан шақыру.</p> <p>2. Қамат айту.</p> <p>3. Намаздан кейін жалпы қабылданған тасбих пен зікір жасау.</p> <p>4. Марқұмға құран оқу.</p>	
		<p>Білімдер:</p> <p>1. Қибла бағыттарын;</p> <p>2. Намаз уақытын есептеуді.</p> <p>3. Жергілікті жердің географиялық орналасуын: ендігін және ұзақтығын.</p> <p>4. Құран аяттарын және зікірдің пайдасы туралы хадистерді білу.</p>	
	Дағдыны тану мүмкіндігі	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар	коммуникативтілік; жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру; өзінің ұстанушыларының сеніміне кіру және ынталандыру.		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
		Имам	
12. Кәсіптің карточкасы "Исламтанушы":			
Топтың коды:	2636-1		
Қызмет атауының коды:	2636-1-002		
Кәсіптің атауы:	Исламтанушы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Гуманитарлық ғылымдар	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			

Формалды емес және информгалы бiлiммен байланыс:	талап етiлмейдi	
Кәсiптiң басқа ықтимал атаулары:		
Қызметтiң негiзгi мақсаты:	исламтану саласында ислам ұстанымдары, идеяларын, рәмiздерiн, институттар рөлiн айшықтап бере алатын, сараптама жасайтын, исламның мән-мағынасын талдай алатын мамандарды даярлау	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тiзбесi:	Мiндеттi еңбек функциялары:	1. Исламды ғылыми тұрғыдан зерттеу. 2. Консультациялық көмек көрсету және оқу-ағарту жұмыстарын жүргiзу. 3. Мәдениетаралық және дiнаралық жобаларға қатысу.
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1 Исламды ғылыми тұрғыдан зерттеу.	Дағды 1 Исламды тарихи, теологиялық және философиялық аспектiлерiн қамти отырып зерттеу.	Машықтар 1. Ислам дәстүрiндегi әртүрлi түсiндiрмелер мен көзқарастарға салыстырмалы талдау жүргiзу және сыни тұрғыда бағалау. 2. Ислам мәтiндерiнiң контексттерi мен тарихи маңызын ажырату. 3. Ғылыми зерттеу әдiстерiн қолдану. 4. Жүргiзiлген зерттеулер негiзiнде ғылыми мақалалар мен баяндамалар әзiрлеу. 5. Түпнұсқалық исламдық мәтiндердi аудару және түсiндiру. 6. Негiзгi ислам мәтiндерi жазылған классикалық араб тiлiн еркiн оқу және түсiну. 7. Қолжазбаларды талдау, мәтiндердiң шынайылығын анықтау, әртүрлi нұсқалар мен басылымдарды зерттеу. 8. Ибраһимдiк дiндерге салыстырмалы талдау жүргiзу.
